

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. Шартты бағыныңқылы сабақтасЖАРИЯЛАНДЫ
13.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/23470/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Құтбаева Ақбөпе Советбайқызы

Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. Шартты бағыныңқылы сабақтас

Сабақтың тақырыбы: Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері. Шартты бағыныңқылы сабақтас

Сабақтың мақсаты: 1. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері және шартты бағыныңқылы сабақтастың жасалу жолын түсіндіру..

2. Сабақтас құрмалас түрлерін ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру. Жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы ой — өрісін дамыту.

3. Ана тілін сүйеге, қадірлеуге баулу, патриотизмге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Слайд арқылы көрсетілетін сызбалар, кестелер, тапсырмалар.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, талдау, салыстыру.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, кестелер

Пәнаралық байланыс: әдебиет, математика

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

— сәлемдесу;

— сабаққа қатысуын тексеру;

— назарларын сабаққа аудару;

— сыныпты үш топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын тексеру

I топ. Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары

II топ. Көп бағыныңқылы сабақтас, оның түрлері

III топ. 121 — жаттығудан сабақтас құрмалас сөйлемдерді табу.

Салалас құрмалас:

1. Баяндауыштары тиянақты болады
2. Жалғаулық шылаулар арқылы жасалады
3. Құрамындағы жай сөйлемдер өзара тең дәрежеде байланысады

Сабақтас құрмалас:

1. Баяндауыштары тиянақсыз болады
2. Бағыныңқы, басыңқы сөйлемдерден тұрады
3. Белгілі бір грамматикалық тұлғалар арқылы байланысады

3. Сөзжұмбақ «Сабақтас»

1. Шартты рай тұлғасына қойылатын сұрақ
2. Көп бағыныңқылы сабақтастың түрі
3. Салаластың түрі
4. Құрмаластың түрі
5. Баяндауышы тиянақсыз болатын құрмалас
6. Салаластың мағыналық түрлері нешеу?
7. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы
8. Сабақтас құрмаластың екінші сыңары

III. Жаңа сабақ.

1. Түсіндіру (слайд арқылы)
 2. Жаттығумен жұмыс
- а) 123 — жаттығу. Сатылай кешенді талдау

I топ. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табар.

II топ. Жарлы болар жігіт байталын атқа айырбастаса, жалғыз болар жігіт ағайынын жатқа айырбастайды.

III топ. Жаңа жұмысшыларға техника қатерсіздігін ұғындырмайынша, шахтаға жіберуге тыйым салған.

Тақтамен жұмыс: Бір оқушы тақтаға талдайды.

Бір елді бір ел жақсы білсе, жақсы өнегесін де алар.

— сөйлемде екі тыныс белгісі бар: үтір және нүкте

— айтылу сазы мен мазмұнына қарай: хабарлы сөйлем

— құрылысына қарай: құрмалас сөйлем

сабақтас құрмалас

шартты бағыныңқылы сабақтас

— шартты райдың — са, — се жұрнағы арқылы жасалған

— екінші жай сөйлемін сөйлем мүшесіне талдаймыз:

не істейді? – алар баяндауыш

нені алар? — өнегесін толықтауыш
қандай өнегесін? – жақсы анықтауыш
— байланысу түрі: өнегесін алар – меңгеру, етістікті тіркес
жақсы өнегесін – қабысу, есімді тіркес

ә) Топтық тапсырмалар.

I топ. 124 — жаттығу.

Сөйлемдерді сызбаға түсіріп, жасалу жолдарын анықтау

1. ———, ——— тигізбейінше, ———.

2. ——— қарасаң, ———.

3. ——— берілмесе, ———.

4. ——— жарыспай, ———.

II топ. 125 — жаттығу. “Сызбаны сөйлет”

1. ——— өтінсе, ———.

2. ——— алмай, ———.

III топ. РАФТ әдісімен ойтолғау жазу.

Р — Тіл жанашырлары

А — халық

Ф — үндеу

Т — Ана тілі – ұрпақ тілі

б) Графикалық диктант

IV. Сабақты бекіту.

I топ. Бағыныңқының баяндауышы шартты райдан болған сөйлем.

II топ. Бағыныңқының баяндауышы көсемшеден болған сөйлем.

III топ. Бағыныңқының баяндауышы есімшеден болған сөйлем

V. Сабақты қорыту.

Білімдерін тексеру: дұрыс жауабын табады

— Сабақтас құрмаластың баяндауышы тиянақты бола ма?

— Сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы көсемше арқылы байланыса ма?

— Сабақтас құрмалас сөйлемнің басыңқысы бірінші тұра ма?

— Сабақтас құрмаластың баяндауышы тең дәрежеде байланыса ма?

Иә/Жоқ

VI. Үйге тапсырма беру.

1. 126 — жаттығу. Мәтіннен шартты бағыныңқы сабақтастарды тауып, жасалу жолдарын түсіндіру.

2. Ереже жаттау.

VII. Оқушыларды бағалау.

Оқушылардың сабаққа белсенділігін ескеріп, біліміне қарай бағалау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.